

**Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
Медицина факультетінің «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының  
PhD докторанты Ермаханова Жанар Акбаровнаға**

**МІНЕЗДЕМЕ**

Ермаханова Жанар Акбаровна 12.05.1980 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Қозмезгіл елді мекенінде дүниеге келген.

1997-2003 жылдары Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Медицина факультетінде «Емдеу ісі» мамандығын Үздік дипломмен бітірген. 2003-2004 жылдары Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Медицина факультетінде Шымкент қаласында интернатураны «Терапия» саласы бойынша бітірген.

PhD докторант Ж.А.Ермаханова - магистр-оқытушы, жоғары санатты терапевт, бірінші санатты кардиолог.

Еңбек өтілін 2004-2007 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде «Адам морфологиясы» кафедрасында гистология пәнінің оқытушысы қызметімен бастаған. 2004-2007жж аралығында Кентау қалалық Жедел жәрдем стансасында «Жол бойы дәрігері» қызметін қосымша атқарған. 2007-2008 жылдар аралығында Алматы қаласы, С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің «Клиникаға кіріспе» кафедрасында оқытушы қызметін атқарған. 2008-2011 жылдар аралығында Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде «Терапия» кафедрасында ішкі аурулар пәнінің оқытушысы болып жұмыс жасаған. 2011 жылдан бастап, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығында кардиолог-консультант және 2018 жылдан осы аталған емдеу мекемесінің Қабылдау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. 2018-2019 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде «Профилактикалық медицина» кафедрасында қосымша магистр - оқытушы қызметін атқарған. 2019 жылдан бастап Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінің «Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасында қосымша магистр - оқытушы қызметін атқаруда.

27.09.2006-21.10.2006жж «Терапия» мамандығы бойынша Алматы қаласы Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілікті жетілдіру институтында «Терапияның таңдаулы сұрақтары» 144 сағат біліктілігін арттырған.

05.04.2007-06.06.2007жж «Кардиология» мамандығы бойынша Алматы қаласында Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институтында 312 сағат біліктілігін арттырған.

15.09.2009-28.12.2010жж Түркия Мемлекеті, Анкара қаласы, Хажеттепе университетінің Кардиология бөлімінде «Кардиология» мамандығы бойынша 1 жылдық тәжірибелік оқу мерзімі бағдарламасымен біліктілігін арттырған.

31.07.2012-25.08.2012жж «Кардиология» мамандығы бойынша Алматы қаласында Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институтында «Клиникалық эхокардиография» бойынша 216 сағат біліктілігін арттырған.

01.09.2011-01.07.2013жж Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде 6M110100 «Медицина» мамандығы бойынша магистратураны тамамдаған.

Ермаханова Ж.А. 2015 жылы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD-докторантураға түсті. Алғашқы күннен бастап ол берілген тапсырмаларды дер кезінде, тиянақты орындап, өз ісіне жауапкершілігін, ұқыптылығын көрсетті. Білім алу мерзімінде диссертация тақырыбы бойынша Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетінің «Денсаулық білімдері» факультетінде шетелдік кеңесшісі Мұстафа Нежми Илхан мырзамен ғылыми – практикалық тәжірибеден өтті.

Педагогикалық тәжірибені Ермаханова Ж.А. «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша өтті. Ол университетіміздің «Жалпы медицина» мамандығы бойынша білім алатын бакалавриаттардың 4 курс студенттеріне «Қоғамдық денсаулық сақтау» пәні бойынша дәрістерге катысып, практикалық сабақтарды, студенттердің оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмыстары мен студенттің өзіндік жұмыстарын өткізді. Тәжірибе кезінде Ермаханова Ж.А. педагогикалық мамандыққа бейімділік, студенттермен жұмыс істеуге айқын бейімділік, студенттерге деген сүйіспеншілік және т.б. педагогикалық қасиеттерді көрсете алды. Өзінің біліктілігін, іс-тәжірибелік мүмкіншіліктерінің жоғары екенін айқындады.

Ермаханова Ж.А. докторлық диссертациясы бойынша Оңтүстік Қазақстан(Түркістан) облысының еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындардың денсаулығының аймақтық ерекшеліктері анықталған. Еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындардың жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының біріншілік және екіншілік профилактикасын жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық іс шаралардың жиынтығы дайындалған. Еңбекке қабілетті жастан асқан халыққа медициналық-санитарлық көмек көрсетуін жетілдіру бойынша ғылыми тұрғыдан ұсынылған іс-шаралар кешені әзірленген.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынылған ғылыми баспаларда, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда, отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, халықаралық шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда мақала мен тезис түрінде ғылыми баспаларда жалпы 17 ғылыми еңбек жарияланды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 2 оқу құралы әзірленіп жарық көрді. Докторант өзінің ғылыми жұмысының нәтижелерін бірнеше рет ғылыми мәжілістерінде, отандық және шетелдік Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жариялаған.

Ермаханова Ж.А. ғылыми жұмысты орындауда біліктілік, мақсатқа талпынушылық, ізденімпаздық байқатты. Тапсырылған міндеттерді адал орындады, табандылық пен бастамашылық байқатты. Мінезі ашық, еңбекке қабілетті, біліктілігі жоғары. Өз жұмысына ынталы, ұйымдастырушылық қабілеті басым, адамдармен тіл табыса білетін докторант, оқытушылар ұжымы мен докторанттар арасында сонымен бірге, емдеу мекемелеріндегі әріптестері арасында сыйлы және студенттері мен науқастарының зор ықыласына бөленген.

Ермаханова Жанар Акбаровна келешекте білікті маман әрі ғалым болады деген сенім білдіремін.

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент медицина институтының «Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, MD:**

**Р.Давыдов**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 жыл

